



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции
«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference
“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

По направлению подготовки «Государственный аудит» на базе ЕНУ им Л.Н.Гумилева функционирует учебно-методическое объединение республиканского учебно- методического совета Министерства образования и науки Республики Казахстан (УМО РУМС МОН РК).

В состав УМО (25%) входят представители Высшего органа государственного аудита в Республике Казахстан в лице Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета; уполномоченного органа по внутреннему государственному аудиту - Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан, Центра исследования, анализа и оценки эффективности Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета; а также представители академической общественности (75%) из ведущих высших учебных заведений Республики Казахстан. Выполняя возложенные функции УМО обеспечивает качественное нормативно-методической сопровождение подготовки специалистов в области государственного аудита.

Таким образом, создание образовательных программ в сотрудничестве с работодателями способствует повышению качества подготовки и улучшению трудоустройства выпускников с ориентиром на сдачу квалифицированных тестов, проводимого профессиональным сообществом.

Литература:

1. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»
2. https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statuya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
3. Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции.Послание Президента Республики Казахстан. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvarya-2018-g
4. Закон Республики Казахстан об образовании. https://online.zakon.kz/Document/doc_id=30118747

ҰЙЫМНЫҢ ІШКІ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ **Оралбаева К.Р.**

Мемлекеттік аудит мамандығының 3-курс студенті
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы
E-mail: oralbaevak@bk.ru

Аннотация: Қазіргі жағдайда ішкі бақылау басқару функциясы ретінде басқарудың барлық деңгейлерінде асырылуы қажет. Бұл мақалада мен “KEGOC” акционерлік қоғамын қарастырам,яғни қазіргі жағдайдағы ішкі

бақылау қызметінің тиімділігін бағалауын, өндірістік қызметін, қаржылық көрсеткіштерін барлық деңгейлерінде жүзеге асырылуын ашып көрсетемін.

Ұйымның ішкі бақылауы- бұл ауытқуларды жою бойынша тиімді шешімдер қабылдау мүмкіндігін алу үшін, басқару жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету үшін және де ақпарат үшін қажет ауытқуларды жою бойынша тиімді шешімдер қабылдау мүмкіндігін алу үшін қажет. Осылайша, ұйымның ішкі бақылауы:

- Басқару процесінің әр кезеңінің ажырамас элементі;
- Барлық басқару процесі сапасы тұрғысынан ақпараттық ашықтық қамтамасыз етіледі;

Ал тиімді ішкі бақылау жүйесін құру - экономикалық субъектінің жұмыс істеу тиімділігі мен жеткілікті жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Түйінді сөздер: тиімділік аудиті, мемлекеттік аудит, ішкі бақылау, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау.

Аннотация: В современных условиях внутренний контроль как функция управления должен осуществляться на всех уровнях управления. В данной статье я рассматриваю акционерное общество "КЕГОС", т. е. раскрываю оценку эффективности деятельности внутреннего контроля в современных условиях, осуществление производственной деятельности, финансовых показателей на всех уровнях.

Внутренний контроль организации необходим для получения возможности принятия эффективных решений по устранению этих отклонений, для информационного обеспечения системы управления, а также для получения возможности принятия эффективных решений по устранению отклонений, необходимых для информации. Таким образом, внутренний контроль организации:

- Неотъемлемый элемент каждого этапа процесса управления;
- Обеспечивается информационная открытость с точки зрения качества всего процесса управления;

А создание эффективной системы внутреннего контроля-обеспечит эффективность функционирования и достаточную работоспособность экономического субъекта.

Ключевые слова: аудит эффективности, государственный аудит, внутренний контроль, государственный аудит и финансовый контроль.

Abstract: In modern conditions, internal control as a management function should be carried out at all levels of management. In this article, I consider the joint-stock company "KEGOC", i.e., I disclose the assessment of the effectiveness of internal control activities in modern conditions, the implementation of production activities, and financial indicators at all levels.

Internal control of the organization is necessary to be able to make effective decisions to eliminate these deviations, to provide information to the management

system, as well as to be able to make effective decisions to eliminate deviations necessary for information. Thus, the internal control of the organization:

- An integral part of every stage of the management process;
- Information transparency is ensured in terms of the quality of the entire management process;

And the creation of an effective internal control system will ensure the efficiency of the functioning and sufficient efficiency of the economic entity.

Keywords: performance audit, state audit, internal control, state audit and financial control.

Ішкі бақылау жүйесі-кез келген коммерциялық ұйымның тиімді қызметін дамытудың маңызды құралы болып табылады. Бұл мақалада қарастыратын ұйым- "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ .

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы (АО «KEGOC») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.07.14 күнгі қаулысымен құрылды. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам жеке меншік түріне жатқызылады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 61 бұйрығымен «KEGOC» АҚ Жүйелік оператор болып белгіленді, «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Жүйелік оператор мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) шартқа сәйкес ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша жүйелік қызмет көрсетеді, оған техникалық қызмет көрсетуді және пайдалануға дайындығын қолдауды қамтамасыз етеді;

2) нақты теңгерімдерді жасау мен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін қалыптастыруды қоса алғанда, шартқа сәйкес Қазақстан Республикасы біртұтас электр энергетикалық жүйесінің жұмыс режимдерін орталықтан жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыра отырып, техникалық диспетчерлендіру бойынша жүйелік қызмет көрсетеді;

3) Қазақстан Республикасы біртұтас электр энергетикалық жүйесі жұмысының сенімділігін қамтамасыз етеді;

4) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша жүйелік қызмет көрсетеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте электр энергиясының теңгерімсіздігін қаржылық реттеуді жүзеге асырады;

Қызметтің негізгі түрлері:

- электр энергиясын өңіраралық деңгейдегі желілер бойынша жеткізу;
- желіге босату мен электр энергияны тұтынуды техникалық диспетчерлеу;
- электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгеруді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету.

Келесі кестеде ұйымның өндірістік қызметін қарастырсақ (1-кесте)

млн. теңге

Атауы	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Электр энергиясын беру	39 213,47	42 737,29	44 708,99	43 956,8
Электр энергиясын беру бойынша төленетін көлем	38 139,06	41 985,57	43 338,66	42 327,63
Электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру	85 738,64	93 610,04	97 645,82	97 061,19
Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру	161 616,00	174 534,70	183 357,79	188 776,26

1-кесте "Компанияның 2016-2019 жылдардағы өндірістік қызметі"

2016-2019 жылдары ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемінің 12,1% - ға өсуі байқалады, бұл ҚР-да электр энергиясын тұтынудың 13,9% - ға өсуіне байланысты.

Электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемінің 13,2% - ға өсуі орын алып отыр, бұл энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты.

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі 16,8% - ға өсті, бұл электр энергиясын өндіру және тұтыну көлемінің ұлғаюымен түсіндіріледі.

Қазақстанда электр энергиясын өндіру құрылымында негізгі үлесті жылу электр станциялары 89,1% (оның ішінде газ турбиналы электр станциялары 8,4% және су электр станциялары 10,2%) алады. Жаңартылатын энергия көздерінің – күн, жел электр станциялары мен биогаз қондырғыларындағы электр энергиясының үлесі 0,7% - ды құрайды.

Электр энергиясын өндіру көлемі республиканың солтүстік аймағында электр энергиясының 77% - ы өндірілгенін, 65,9% - ы тұтынылғанын; оңтүстік аймақта электр энергиясының 10,6% - ы өндірілгенін, 21,2% - ы тұтынылғанын, батыс аймақта 12,4% - ы өндірілгенін, Қазақстан бойынша электр энергиясын өндіру/тұтынудың жалпы көлемінің 12,9% - ы тұтынылғанын көрсетеді.

"KEGOC" АҚ компаниялар тобының 2017-2019 жылдардағы негізгі қаржылық көрсеткіштері : (2-кесте)

млн.тенге

Атауы	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Түсім	152 380	175 797	263 162
Пайда	32 881	40 043	40 267
Қарыз	162 385	162 059	150 326
Капитал	374 168	472 694	481 356


Дивидендтер	19 898	31 369	31 642
-------------	--------	--------	--------

2-кесте "2017-2019 жылдардағы негізгі қаржылық көрсеткіштері"

Бұл кестедегі көрсеткіштерміз әрбір жыл сайын көбейіп отырған, яғни тарифке енгізілетін пайда деңгейі инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражат пен амортизациялық аударымдарды ескере отырып шектелген. Акционерге дивидендтер төлеуге арналған шығыстар пайдаға керісінше енгізілмеген.

Ұйымның ішкі бақылау қызметіне тоқталатын болсақ, бұл-тәуекелге бағдарланған тәсіл, ұсынымдар беру және білім алмасу негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу арқылы компанияның құнын сақтау және арттыруы болып табылады. Ішкі бақылау қызметінің негізгі мақсаты ұйымның директорлар кеңесі мен атқарушы органына ұйымның басқару тиімділігін арттыру, оның қаржы-шаруашылық қызметін жетілдіру, оның ішінде тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін ұйымның алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуі болып табылады.

Ішкі бақылау және аудит міндеттерін іске асыру тексерудің мынадай бағыттарымен және түрлерімен қамтамасыз етіледі (3-кесте)



3-кесте " КЕГОС " АҚ-да ішкі бақылау және аудит жүргізу тәртібі.


Ішкі бақылау және аудиторлық қызметті ұйымдастырудың негізгі кезеңдері:

- Ұйымдық құрылым негізінде қоғамның бақылаушы органын айқындау;
- Ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау;
- Ішкі бақылау түрлерін айқындау;
- Ішкі бақылау жүйесінің бағыттарын қарастыру;
- Қоғамның тәуекелдерін бақылау шараларын айқындау;
- Ішкі бақылауды ұйымдастыру бойынша міндеттерді және қоғам қызметкерлерінің жауапкершілігін бөлу.

Ішкі бақылау жүйесін дамытудың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі коммуналдық кәсіпорын ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін анықтау болып табылады. Ұйымның ішкі бақылау қызметінің тиімділігіне тоқталатын болсақ, оны бағалау үшін:

- Ішкі бақылаудың барлық элементтері қамтылуға тиіс;
- Жүзеге асырылатын бақылау рәсімдерінің тұрақты мониторингі жүргізілуі қажет.

Ұйымның ішкі бақылау қызметінің тиімділігі қойылған мақсаттарға және оларға қол жеткізу кезеңдеріне байланысты қарастырылады (4-кесте)



4-кесте "Ішкі бақылау қызметінің тиімділігін ұйымдастырудың негізгі кезеңдері"

" KEGOC " АҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бірнеше көрсеткіштер бойынша бағалау әдісін қарастырсақ:

- Ішкі бақылау жүйесі өнімділігінің көрсеткіштері:
 - бекітілген жоспарды орындау;
 - бір маманға есептегендегі кезең ішінде жүргізілген бақылау процедураларының саны;
 - бір тексеру жүргізуге орташа сағат саны;
 - жасалған ұсыныстар саны.
- Ішкі бақылау жүйесі нәтижелілігінің көрсеткіштері:
 - орындалған (орындалмаған) ұсынымдардың үлесі;
 - ұсыныстарды орындаудан экономикалық тиімділік.
- Ішкі бақылау жүйесі жұмысы тиімділігінің сандық көрсеткіштері:
 - бөлім жұмысындағы қателіктердің жалпы деңгейі;
 - дебиторлық берешектің деңгейі;
 - тұтынушылардан шағымдар саны.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалаудың негізгі құралы құжаттық тексеру болып табылады, тексеру барысында тәуекелдер онтайлы мәнге дейін

азайтылмаған операциялардың түрлеріне баса назар аударылады. Ішкі бақылаудың басқа нысандарының тиімділігі нақтылауды қажет етсе немесе жоғары болмаса, басқаша тұжырымдалады. Құжаттамалық тексерулер ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдісі ретінде бухгалтерлік есепке қатысты, ал тақырыптық тексерулер экономикалық субъектінің барлық басқа жүйелеріне қатысты қолданылады.

Тексерілген нәтиже бойынша "KEGOC" АҚ ішкі бақылау жүйесі тиімділігінің көрсеткіштері төменде кесте бойынша қарастырылған:

№	Тиімділік көрсеткіштері
1	бекітілген жоспарды орындау
2	бір маманға есептегендегі кезең ішінде жүргізілген бақылау рәсімдерінің саны
3	бір тексеру жүргізуге арналған сағаттардың орташа саны
4	жасалған ұсынымдар саны
5	орындалған (орындалмаған) ұсынымдардың үлесі
6	ұсынымдарды орындаудан болатын экономикалық тиімділігі
7	бөлімшелер жұмысындағы қателіктердің жалпы деңгейі
8	дебиторлық берешек деңгейі
9	тұтынушылардан шағымдар саны

5-кесте "Тиімділік көрсеткіштері"

Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі коммуналдық кәсіпорынның басқа бөлімшелерімен өзара әрекеттесуге байланысты бола алады. Осы көрсеткіштерді дұрыс жүргізілуін қарастыра отырып, ұйым процедураларның кемшіліктерін анықтауға және тиімді процедураларды жасауға көмектеседі.

Жоғарыда қарастырған мәліметтерге сүйене отырып, қорытындыласақ ұйымның ішкі бақылау қызметінің тиімділігін бағалауы бойынша, ұйымда келесідей мәселелер тиімді атқарылды:

жағдайды бақылау, яғни барлық жағынан тиімді жолмен қарастырылып бақылау жүйеленді,

басшы бақылауды өз қолында ұстай отырып, қызметкерлердің жауапкершілігін арттырылмады, жаңа функциялар құрылды және ескі лауазымдық нұсқаулықтар жасалды, бақылау деректерін өңдеуге және осы есептерді ұсынуға жауаптылар белгіленді.

Сонымен қатар ұйым келешекте өзінің жұмысын тиімді шешуі үшін 2025 жылға дейінгі даму стратегияларында 3 мақсаты көзделген:

Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

"KEGOC" АҚ тиімді қызметін қамтамасыз ету (2017 жылы -

компанияның тұрақты қаржылық жағдайын және акционерлер мен даму үшін ақша ағынын қамтамасыз ету);

Корпоративтік басқаруды жетілдіру және орнықты даму (2017 жылы - орнықты даму).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "KEGOC" АҚ сайты: <https://www.kegoc.kz/kk/kompaniya-turaly>

2. "Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 480 бұйрығы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021476>

3. ҚР «аудиторлық қызмет туралы» Заңы, 20 қараша 1998ж. №304 (өзгертулерімен және толықтырулармен); <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304>

4. Абдукаримов И.Т. өндірістік шығындарды, іске асыру мен еңбек тиімділігін бағалау және талдау: Оқу құралы / и. т. Абдукаримов, В. В. Смагина – Тамбов: ТМУ им. Г. Р. Державина, 2012. – 200 б.

5. «Аудит» З.Н.Әжібаева, Н.Ә.Байболтаева, Ж.Ғ.Жұмағалиева. Алматы, 2006ж. Абдыкалыков Г.А., Сатмурзаев А.А. Основы бухгалтерского учета и аудита. Учебное пособие, Уральск, дастан ,2001 г.

АӨК ДАМУЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІК АУДИТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Спатаева С.Б., Бейсенова Л.З.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Нұр Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы

E-mail: sbarzhaksina@mail.ru, beisenovalz67@gmail.com

Андатпа. Ауыл шаруашылығы – әлемдік экономиканың маңызды саласы. Оның негізгі мақсаты – халықты азық-түлікпен, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету. Бұл табиғи жағдайларға байланысты материалдық өндірістің жалғыз саласы. Алайда, бұл саланың әр түрлі елдер мен аудандардың экономикасындағы рөлі әр түрлі. Ауыл шаруашылығы географиясы өндіріс пен аграрлық қатынастардың ерекше әртүрлілігімен ерекшеленеді. Алайда дамыған мемлекеттерде ауыл шаруашылығын дамыту